

Облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру ережелері туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 5/48 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 тамызда № 2142 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 желтоқсандағы № 13/193 шешімімен

Ескерту. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 5/48 шешімінің қолданысы 2013 жылдың 01 тамызына дейін тоқтатылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 2013 жылғы 29 мамырдағы № 10/152 ш е ш і м і м е н .

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облыстық мәслихатының 10.12.2013 № 13/193 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексiне сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру ережелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Тумышев

О б л ы с т ы қ

мәслихат хатшысы
«КЕЛІСІЛДІ»

Б. Жүсіпов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Маңғыстау облыстық
аумақтық инспекциясының бастығы
Қ . Ш . М ы р з а т о в

27 шілде 2012 ж.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің Мемлекеттік
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің Маңғыстау облысы бойынша
департаментінің директоры

1. Жалпы ережелер

1. Осы облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ережелер қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру саласындағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтық қатынастарын реттейді. Осы Ережелер меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

Абаттандыру жөніндегі қызметтерді үйлестіруді және ұйымдастыруды сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

3. Ережелердің мақсаты – абаттандыру тәртібін анықтау, аумақтың санитарлық тазалығын қамтамасыз ету, құрылыс, жер қазу және басқа да жұмыстарды жүргізу кезінде қолданыстағы инфрақұрылымды сақтауды қамтамасыз ету және қалалар мен елді мекендер аумақтарында қалдықтарды жинау, әкету, қайта өңдеу мен кәдеге жарату тәртібін анықтау болып табылады.

2. Осы Ережелерде қолданылатын негізгі ұғымдар мен анықтамалар

4. Осы Ережелерде келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады: абаттандыру – қалалар мен елді мекендер аумағында адамдардың өмір сүруіне қолайлы, саламатты және ыңғайлы жағдай жасауға бағытталған элементтер мен жұмыстар кешені;

аула ішіндегі аумақ – балалар, спорт, кір жаю, контейнер алаңдарын, автомобиль қоятын орындарды жабдықтау, шағын сәулеттік нысандар мен сәндік имараттарды, кіреберіс және аулаға кірме жолдар орнатуға арналған, белгіленген тәртіпте бөлінген жерлер;

аумақты тазарту – аумақты жинау, тұрмыс қалдықтарды, қоқыстарды, қарды, мұздақтарды жинау, әкету және кәдеге жарату (залалсыздандыру);

бей-берекет сауда – жергілікті атқарушы орган белгілеген орындардан тыс жерлерде және мүдделі мемлекеттік органдардың келісімінсіз, заңды және жеке тұлғалардың өнеркәсіптік және азық-түлік тауарларымен жүзеге асыратын

с а у д а с ы ;

бекітілген (іргелес) аумақ – заңды немесе жеке тұлғалардың пайдалануындағы, сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті орган тіркеп, тазалауға және абаттандыруға бөлінген, аумаққа іргелес жер учаскесі;

бөлінген аумақ – алаңы, шекарасы, құқықтық мәртебесі қала құрылысы құжаттамасында және Мемлекеттік жер кадастрында қамтылған өзге де сипаттамалары бар, заңнамамен белгіленген құқықта заңды және жеке тұлғаларға берілген елді мекен аумағының бөлігі;

жағалаулық аймағы – су қорғау аймағы мен белдеуі кіретін аумақ;

ортақ пайдаланудағы жерлер – демалысқа арналған аумақтар (алаңдар, саябақтар, скверлер, бульварлар, жағалаулар, жағажайлар), алаңдар, көлік аялдамасы алаңдары ;

жер пайдаланушы – меншік нысанына қарамастан, қала шегіндегі (елді мекен шегіндегі) жер учаскелерін пайдаланушы заңды немесе жеке тұлға (кәсіпорындар , ұйымдар, коммерциялық құрылымдар, кәсіпкерлер, жеке меншік үй иелері, пәтер иелері кооперативтері (кондоминиум) және басқалар).

коммуналдық қалдықтар – елді мекендерде, оның ішінде адамның тіршілік әрекеті нәтижесінде түзілген тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен түзілу сипаты жағынан осыларға ұқсас өндіріс қалдықтары;

көше – жүргін бөліктері, жаяужолдары, жасыл екпелер мен жерасты және жерүсті инженерлік желілері бар қалалық немесе селолық аумақ;

қалалық (селолық) инфрақұрылым – адамдардың тіршілік әрекетіне қалыпты жағдайлар жасауға арналған қала (село) аумағында орналасқан, коммуникациялар мен инженерлік желілер және коммуналдық қамтамасыз етудің әр түрлі бағыттағы объектілерінің жиынтығы;

қалдықтарды сақтау – қалдықтарды кейіннен кәдеге жарату, қайта өңдеу және (немесе) жою үшін арнайы белгіленген орындарда жинап қою;

қатты тұрмыстық қалдықтар (бұдан әрі – ҚТҚ) – қатты нысандағы коммуналдық қалдықтар ;

ірі көлемді қалдық (бұдан әрі – ІКҚ) – өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан, құрылыс, шаруашылық қызметінің қалдықтары (арматура, блоктар, тұрмыстық техника , жиназ және т.с.с.);

қолмен тазалау – аумақты кіші механикалық құралдарды қолдану арқылы қолмен тазалау ;

ҚТҚ, ІКҚ жинау және шығарып әкету – қатты тұрмыстық қалдықтарды контейнерлерден арнайы автокөліктерге тиеу, контейнер алаңдарын және оларға кіретін жолдарды шашылған қоқыстардан тазарту және оларды қоқыс жинау орнынан кәдеге жарату нысанына тасымалдаумен байланысты шаралар кешені; инженерлік желілер мен имараттар, байланыс – тұрғындар мен

кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр энергиясымен, байланыспен қамтамасыз етуге, сондай-ақ қала (елді мекен) аумағының жер үсті суларын жинауға және бұруға арналған инженерлік қамтамасыз етудің аса маңызды элементтері;

құрылыс салынбаған аумақ – қандай да болмасын құрылыс немесе имарат ж о қ а у м а қ ;

механикалық тазалау – аумақты мамандандырылған тазарту техникасымен т а з а л а у ;

өндіріс және тұтыну қалдықтары (бұдан әрі – қалдықтар) – шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың, өзге де бұйымдар мен өнімдердің өндіріс және тұтыну процесінде түзілген, сондай-ақ өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан т а у а р л а р (ө н і м) ;

санитарлық тазалау – қалдықтарды жинау, жою, залалсыздандыру, кәдеге ж а р а т у ж әне к ө м у ж ү й е с і ;

тазалағыш техника – елді-мекендер аумақтарын тазалауға арналған м а м а н д а н д ы р ы л ғ а н т е х н и к а ;

уәкілетті орган – тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, қоршаған ортаны қорғау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларындағы мемлекеттік органдар, ішкі істер органдары, ветеринарлық қадағалау органдары;

үй іргесіндегі учаске – онда тұрғын жайлар мен аулада құрылыстары орналасқан б ө л і н г е н а у м а қ ;

шағын сәулеттік нысандар – көлемі жағынан кішкене әсемдік, сондай-ақ іске жарамды сипаттағы объектілер: мүсіндер, бұрқақтар, стелалар, оймабедерлер, гүл құмыралары, тутұғырлар, саябандар, павильондар, дүңгіршектер, сауда арбалары, телефон және сауда автоматтары, аттракциондар, қоршаулар, қоқыс жәшіктері, көшелер, үйлер мен жарнамалар, пошта жәшіктері және басқалар.

3. Аумақтарды абаттандырудың, күтіп ұстаудың және инфрақұрылым объектілерін қорғаудың негізгі қағидаттары

5. Жеке және заңды тұлғалардың жобалық, құрылыс, шаруашылық қызметтері тек қана қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі, жер қатынастары және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама нормалары мен осы Ережелерді сақтауға негізделеді.

6. Жеке және заңды тұлғалар аумақты абаттандыру, ондағы жасыл екпелерді сақтау бойынша қажетті шараларын алады, аумақтарды күтіп ұстау тәртібін бұзуға әкеп соғатын заңсыз әрекеттерге немесе әрекетсіздіктерге жол берілмейді.

7. Аумақтарда құрылыс салу тек қана елді мекеннің бас жоспарына сәйкес

жүргізіледі. Ортақ пайдаланудағы жерлер, үй іргесіндегі аумақ, көгалдың, жасыл екпенің, құрылыстардың сәулет келбетін нашарлататын күрделі де, сонымен бірге уақытша мақсаттағы да құрылыстарды салуға жатпайды.

4. Аумақтарды күтіп ұстау мен тазартудың жалпы тәртібі

8. Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, пәтер иелерінің кооперативтері, кондоминиумдер, орын-жайларды иеленуші немесе оларды жалдаушы жеке тұлғалар, азаматтар өз күшімен немесе басқа кәсіпорындарды тарту арқылы:

1) бөлінген және бекітілген аумақта тазартуды, тұрмыстық қалдықтарды шығарып әкетуді жүргізеді, арналмаған орындарда қоқыстың, оның ішінде ірі көлемдісін және қалдықтардың тасталуы мен жинап қойылуына және оның ұзақ сақталуына жол бермейді;

2) ғимараттар мен құрылыстардың қасбеттерін, қоршауларды, кіру есіктерін, балкондар мен лоджияларды, су ағатын құбырларын, шағын сәулет нысандарын жөндеу және бояу, әкімшілік және өндірістік ғимараттардың әйнектерін, витриналары мен терезелерін жуу, көгалдар мен жасыл екпелерді күтіп ұстау бойынша жұмыстарын уақытылы жүргізеді, уақытылы арам шөптерден тазартады;

3) азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін белгіленген тәртіпте тиісті құжаттарды ресімдегеннен кейін ғана, жер астында ғимараттарды салу, қайта құру және жөндеу кезінде топырақты қазып алумен, құрылыс кезінде нөлдік топтама жасаумен байланысты жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырады. Тиісті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгеннен кейін ғана жұмыстар аяқталған деп танылады;

4) іргелес жатқан аумақта ағаштарды, бұталарды отырғызуды жүргізеді, гүлзарларды безендіреді, көктемгі-күзгі кезең ішінде оларға тұрақты күтімді қамтамасыз етеді және қысқы кезеңде жасыл екпелердің сақталуын қамтамасыз етеді;

5) санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды сақтайды;

6) тұрғын үй нысандары, ұйымдар, мекемелер аумағында санитарлық орларды ұйымдастырмайынша, аула қондырғыларын, қазылған шұңқырларды, септиктер мен қоқыс тастау алаңдарын салмайды және қайта жабдықтамайды;

7) жеке тұрғын үй құрылысы аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтардан кемінде аптасына екі рет жоспарлы-жүйелі тазалауды жүргізеді.

9. Шағын аудандар ішінде, тұрғын кварталдардың және жеке тұрғын үй салынған іргелес аумақта мынадай талаптар сақталады:

1) көтермелердің, жаяужолдардың, жүргіншілер жолының, орамшілік кіреберістері мен жолдарының төсемдерін қалыпты жағдайда күтіп ұстау;

2) шағын сәулет нысандарын, спорт, балалар, ойын және шаруашылық алаңдарының жабдықтарын, қоршаулар мен шарбақтарды қалыпты жағдайда күтіп ұстау, олардың сыртқы түрін таза қалпында ұстау;

3) түрлі шаруашылық немесе қосалқы құрылыстарды (гараждар, контейнерлер, сарайлар, қосалқы орындар мен басқа да құрылыс түрлерін) өз бетімен салуға және тұрғызуға жол берілмейді. Өз бетімен тұрғызылған осы тектес құрылыстар бұзылуға жатқызылады;

4) кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, сонымен қатар жеке үй иеліктерінде ішкі аумақтарында қоқыстарды, қатты тұрмыс қалдықтарды, өндіріс қалдықтарын, ыдыстарды, жапырақтарды, ағаш үгінділерін өртеуге, от жағуға ж о л б е р і л м е й д і ;

5) тұрғын кварталдар ішінде, тұрғын үйлер подъездерінің алдында және ортақ пайдаланудағы жерлерде, адамдардың жаппай демалу орындарында және жеке иеліктегі үйлер аумағының аула сыртында көлік құралдарын жууға, тазалауға, ж ө н д е у г е ж о л б е р і л м е й д і ;

б) осы мақсаттар үшін бөлінген тұрақтардан басқа, тұрғын үйлер подъездерінің алдында және ғимараттардың қасбеті алдындағы аумақтарда автомобильдердің уақытша тұрағына жол берілмейді;

7) аула аумағының өту жолдарында арнайы автокөліктің өтуіне кедергі келтіретін аула аумақтарының өтпезолдарында бағандарды, блоктарды және өзге де аумақ қоршауларын тұрғызуға және орнатуға, сондай-ақ осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген орындардан басқа, олардың тұратын жеріне қарамастан, бөлшектенген көлік құралдарының тұрағына жол берілмейді;

8) ғимараттардың қабырғаларына, қоршауларға өз бетімен жазулар мен графикалық бейнелерді салуға және абаттандыру, сәулет элементтерін және сомдалған-сәндік өнер нысандарын өзгертуге жол берілмейді;

9) жануарлардың өлекселерін шығарып әкету иелерінің күшімен, ал қараусыз қалған жануарлардың өлекселерін шығарып әкету – аумақтарды тазалаумен айналысатын ұйымдардың күшімен жүргізілуге тиіс.

10. Жасыл екпелер және инженерлік коммуникациялар орналасқан ортақ пайдаланудағы жерлерде, сондай-ақ Каспий теңізінің жағалауындағы жағажайда:

1) құрылыс материалдарын, топырақты, отындарды, көмірді және өзге де сусымалы материалдар мен жүктерді жинақтауға;

2) көгалдарды, гүлзарларды, ағаш діңінің түптерін ластауға, сондай-ақ қағаз, целофан, қағазды қапшықтар, қабық, бөтелке, банкі және т.б. әрқалай ұсақ қоқыстарды қоқыс жәшігінен тыс жерге тастауға;

3) көгалдармен жүруге, ағаштарға, бұталарға механикалық зақым келтіруге;

4) ортақ пайдаланудағы құралдар мен жабдықтарды – бақтағы отырғыштарды , қоқыс жәшіктерін, қоршауларды, көгал шарбақтарын, шағын сәулет

нысандарын және т.б. бүлдіруге;

5) автокөлікті қоятын жерлер мен тұрақтарды ұйымдастыруға;

б) осы мақсаттарға жабдықталған орындардан басқа жерде мал союға және оның ұшасын бөлшектеуге, от жағуға және отта тағам әзірлеуге, сондай-ақ басқа да өртке қарсы және санитарлық нормаларды бұзуға;

7) жасыл екпелерге, сондай-ақ балалардың ойын және спорт алаңдарына керілген жіптерге кірді кептіру үшін жаюға жол берілмейді.

11. Жергілікті атқарушы органдары белгілегеннен тыс жерлерде, оның ішінде тұрғын үй ғимараттарының, әкімшілік және өндірістік үй-жайлардың есіктеріне, қабырғаларына, автобус аялдамаларына, дүңгіршек қабырғаларына, электр желісі тартылған тіректер мен бағандарға хабарландыруларды, жарқағаздарды, баспа үгіт материалдарын, хабарламалар мен өзге де көрнекі ақпарат объектілерін орнатуға, жапсыруға жол берілмейді. Аталған өнімді жеке меншік иелігіндегі ғимараттарда ілуге ғимараттар мен имараттардың эстетикалық сыртқы келбеті мен сәулеттік дизайнын бұзбайтын жағдайда, меншік иесінің келісімімен жол беріледі.

12. Баспа үгіт материалдарын шашып тастауға жол берілмейді.

13. Облыс қалалары мен елді мекендерінің аумағында тазалық пен реттілікті қамтамасыз ету мақсатында:

1) көшелерде, алаңдарда, саябақтар мен басқа да қоғамдық орындарда ластауға, көрсетілген аумақтарды жануарлар нәжістерімен ластауға жол беруге;

2) тұрмыстық және құрылыс қоқыстарын, өндіріс қалдықтарын, ыдыстарды, ағаш қиындыларын, жапырақтарды, қарды, оның ішінде ғимараттардың терезесінен, қозғалыстағы және қойылған көлік құралдарынан лақтыруға;

3) көшелерге, қоғамдық аулаларға, гүлзарларға, демалыс аймақтарына және ортақ пайдаланудағы басқа да жерлерге үй құстарын босатып жіберуге және мал жаюға;

4) көшелерге, аула аумақтарына әрқилы лас сұйықтарды төгуге;

5) бей-берекет сауда-саттық жүргізуге жол берілмейді.

14. Жолдарды ластауға жол бермейтін, брезентпен немесе басқа да материалдармен жабусыз топырақты, қоқыстарды, сусымалы құрылыс материалдарын, жеңіл ыдыстарды, жапырақтарды, ағаш үгінділерін тасымалдауға жол берілмейді.

5. Көшелердің өту жолдарын тазарту

15. Көшелердің оның барлық ені бойынша өту жолдарының бөліктерін, алаңдарды, жолдарды және жол желілерін, тұрақ қалталарын, автобустың соңғы бағыттарының тұратын-айналу жолдарын күтіп ұстау мен тазалауды тиісті

уәкілетті органмен жасасқан мемлекеттік сатып алу шарты негізінде мердігер-кәсіпорындар жүргізеді.

16. Көшелер мен алаңдардың өту жолдарының бөліктерін механикаландырылған тазарту жоспарлы түрде таңертеңнен, сондай-ақ қажеттілікке қарай күні бойына қайталана жүргізіледі.

17. Жол төсемдерін қоқыстан, ластанудан, қардан үзіліссіз технологиялық тазартуды қамтамасыз ету мақсатында магистральді көшелер бойымен көпшілік болатын орындарда күн сайын сағат 23:00-ден 7:00-ге дейін автокөлік құралдарын қоюға жол берілмейді, тыйым салуда тиісті жол белгілерін қою белгіленеді. Түнгі мезгілде тазарту жұмыстарын жүргізу кезінде қатты шудың алдын алу шаралары қолданылуға тиіс.

18. Жол төсемдерін, осьтік жолақтарды, жол жиектемелерін, көшелер мен жол өткелдерін сыпыру уәкілетті органмен бекітілген кестеге сәйкес жол төсемдерін алдын ала ылғалдау арқылы жүзеге асырылады. Қоқысты өтетін жол бөлігіне шығаруға жол берілмейді.

19. Бөлу жолақтарының көгалды бөлігін тазалау, қоршаулар мен жолды абаттандырудың өзге де элементтерін күтіп ұстау жергілікті бюджет есебінен немесе осылар балансында тұрған кәсіпорындар жүзеге асырады.

6. Ортақ пайдаланудағы аумақтарды, тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын тазарту

20. Магистральді жолдар бойына орналасқан немесе олардан көгал арқылы бөлінген тротуарларды, сондай-ақ жағалауға іргелес тротуарларды тазартуды аумақты абаттандыру, тазалау және күтіп-ұстау паспорттарына сәйкес тротуарларды күтіп-ұстауға жауапты немесе аталған жұмыстарды конкурста жеңіп алған кәсіпорындар жүргізеді

21. Саябақтар, скверлер, бульварлар, жағажайлар, қауымдар, соның ішінде оларда орналасқан тротуарлар, жаяу жүргінші аймақтары, сатылық құрылымдарды қамтитын ортақ пайдалану аумақтарын тазалауды аталған аумақтар бекітілген субъектілер және осы аумақтар қызмет көрсетуде және пайдалануда тұрған ұйымдар жүргізеді.

22. Жолаушылар көлігінің аялдама алаңдарын тазалауды облыстың қалалары мен елді мекендерін санитарлық тазалауды жүзеге асыратын кәсіпорындар жүргізеді. Қоғамдық көлік аялдмасы жерлеріне қоқыс жәшігін орнату міндетті. Қоқыс жәшігін тазалау олардың толуына қарай жүргізіледі. Аялдама алаңдарында сауда нүктелері, дүңгіршектер орналасқан жерлерде тазартуды тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган белгілеген радиуста аталған сауда нүктелерінің немесе дүңгіршектердің иелері осылардың

ұдайы қанағаттанарлық күтіп ұсталуын қамтамасыз ететін көлемде жүргізеді.

23. Шағын аудандар ішіндегі тұрғын үйлер маңындағы тротуарларды тазартуды пәтер иелерінің кооперативтері немесе кондоминиумды басқару органдары жүргізеді.

24. Ортақ пайдаланудағы жерлерге қоқыс жәшіктері орнатылады. Қоқыс жәшіктері ара қашықтығы адам көп жүретін көшелерде 40 метрден және адам аз жүретін көшелерде 100 метрден аспайтын болып көзdestіріледі.

25. Құрылыс және басқа да қалдықтарды жинау жергілікті атқарушы орган айқындаған арнайы белгіленген жерлерде – полигондарда жүзеге асырылады.

7. Басқа аумақтарды күтіп ұстау және тазарту

26. Жарнама құрылғысынан радиусы бес метрге дейінгі жеке тұрған жарнама объектілеріне іргелес жатқан аумақтарды тазартуды меншік иелері не болмаса меншік иесімен шарт бойынша тазалауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдар атқарады.

27. Жанар-жағар май құю стансасының, автожуу стансалары мен бекеттерінің, басқа да май құю кешендерінің аумақтары мен іргелес жатқан аумақтарын (өтетін жол бөлігіне дейін) және оларға кірме жолдарды тазартуды уәкілетті органмен бекітіліп берілген аумағына сәйкес объектілердің иелері жүзеге асырады.

28. Уақытша нарықтық сауда саттық орындарын (базарлар, сауда павильондары, сату үстелі, ұяшықтар, шатырлар, дүңгіршектер және т.б.) тазартуды он метрге дейінгі радиустегі және көшелердің өтпелі жол бөлігіне дейін көрсетілген объектілердің иелері атқарады. Осы объектілердің жанына көгалдарға, шатырлар мен дүңгіршектердің төбесіне кез келген ыдыстарды немесе босалқы тауарларды үюге жол берілмейді.

29. Ақылы автотұрақтардың, қоятын орындардың, гараждардың аумақтарын тазартуды, осылардың иелері немесе осы объектілерді пайдаланушы ұйымдар жүргізеді.

30. Аулаішілік балалар, спорт, шаруашылық алаңдарын тазартуды пәтер иелерінің кооперативтері немесе кондоминиумды басқару органдары жүргізеді.

31. Трансформаторларға немесе бөліп бергіш шағын станцияларға, автоматты режимде жұмыс істейтін басқа инженерлік орын-жайларға қызмет көрсететін құрамсыз, сондай-ақ жоғары вольтті электр тарату желілерінің тіректеріне іргелес жатқан аумақтарды тазартуды осы объектілердің иелері жүргізеді.

32. Құрылыстарды сүріп тастағаннан, құрылыс, жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін аумақтар сол күні немесе келесі күні тазартылады. Құрылыс және жөндеу жұмыстары біткеннен кейін құрылыс қоршаулары мен ағаштарын

он күннен астам сақтауға жол берілмейді.

Ор қазу және басқа да қирату түрлері кезінде жолдың өтпелі бөлігінің жабындысын осы жұмыстарды жүргізген ұйымдар жөндеу жұмыстарын аяқтаған соң қайта қалпына келтіруге тиіс.

Жеке үйлердің иелері жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде барлық құрылыс және көмекші материалдарын аулаларына жинайды. Құмды, қиыршақ тасты, топырақты, құрылыс және жол блоктарын аула аумақтарынан тыс жерге, әсіресе көшенің өтпелі жағына шығатын жерлерге сақтауына жол берілмейді. Уақытша әкелінген көрсетілген материалдар бір тәуліктің ішінде жиналып алынады.

33. Жағажайлардың, демалыс аймақтарының, көпшілік серуендеу орындарының аумақтары жобаларда белгіленген тәртіпте бекітілгеніне сәйкес аба тандырылуға тиіс және:

1) ара қашықтықтығы бір-бірінен 40 метрден аспайтындай орналасқан қоқыс жәшіктері болуға;

2) 800 шаршы метрге шаққанда бір контейнерден қоқыс жинағыштар, жағажайларда – шешінетін орындар болуға;

3) жағажайларда – қолайлы және санитарлық-эпидемиологиялық жағынан қолайлы ара қашықтықта қоғамдық әжетханалар;

4) жағажайлардың, көпшілік қыдыратын орындардың аумақтарын тазартуды белгілеген тәртіпте осыларға бекітілген ұйымдар атқарады. Бұл ретте негізгі тазалау көпшіліктің шомылуы аяқталған соң кешкі мезгілде атқарылады, ал күні бойы демалушылардың көп жиналатын орындарында қоқыстардың немесе қалдықтардың көп жиналуына жол бермейтін патрульдік тазалау жүргізіледі.

34. Жағажай аумағында арнайы автокөліктерден басқа көліктердің тұрағына жол берілмейді. Автомобильдер тұрақ үшін арнайы бөлінген орындарда орналасады.

35. Ортақ пайдаланудағы демалыс аймағының, жағажайдың аумағына белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес қоғамдық тамақтану мен ұсақ бөлшек сауда нүктелерін орналастыруға рұқсат етіледі.

36. Жағажайлардағы және демалыс орындарындағы сауда нүктелерінің аумақтарын тазартуды сауда ұйымдары күні бойына міндетті түрде қоқысты тасып шығару арқылы жүргізеді.

37. Стадиондарды, спорт алаңдарын күтіп ұстауды және тазартуды осылардың иелерінің немесе баланс ұстаушыларының техникалық персоналы жүзеге асырады.

38. Ортақ пайдаланудағы демалыс аймағы аумағында сағат 23.00-ден кейін қатты музыка және өзге де шулы дыбыстарды пайдалануға жол берілмейді.

8. Қысқы кезеңде аумақтарды тазарту

39. Жолдар, тротуарлар, аула аумақтары мен кіру жолдары қардан, мұзғалақтан жабындыға дейін тазартылуға тиіс. Мұзғалақ (мұз тайғақ) пайда болған кезде оған құм себу немесе өзге де тиісті материалдармен өңдеу жүргізіледі.

40. Жолдар мен аула аумақтарында тазартылған қар автокөлік пен жаяу жүргіншінің еркін өтуіне бөгет жасамайтын жерлерге жиналуға тиіс.

41. Ғимараттардың, құрылыстардың және имараттардың меншік иелері шатырдағы мұздықтан және сүңгілерден уақытылы тазартуды қамтамасыз етеді. Жаяу жүгіншілер жағындағы ғимараттың шатырын тазарту жұмыстары жедел түрде, пайда болған кезде, қатерлі учаскені қоршау арқылы жүргізілуі керек. Мұз сынығын, қарды және қоқысты су ағатын арнаға, жасыл екпелер алаңына, тротуарларға, көгалға тастауға жол берілмейді. Қарды шығарып әкету жергілікті атқарушы орган белгілеген жерлерде жүзеге асырылады.

9. Ақылы автотұрақтар мен гараж кооперативтерін орналастыру мен абаттандыру

42. Жеке иеліктегі жеңіл автомобильдердің гараждарын, ашық күзетілетін автотұрақтарды, автокөліктің уақытша тұрақтарын (ақылы және тегін) орналастыру қолданыстағы экологиялық, санитарлық және қала құрылысы нормалары мен ережелеріне, белгіленген тәртіпте әзірленген және келісілген жобалау құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

43. Ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер, сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілері, демалыс және көпшілік болатын жерлер келушілерге арналған тегін көлік қою орнымен жабдықталуға тиіс.

44. Гараж қоғамдарының (тұтыну кооперативтері) аумақтарын абаттандыру және осыларды күтіп ұстау көрсетілген қоғамдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

45. Автотұрақтардың қатты төсемі, қоршауы, күзетуге арналған жайы мен сыртқы жарығы болуы қажет. Автомобильдерді қоятын орындардың үстіне жеңіл құрылымдардан қалқандар салуға жол беріледі.

46. Иелері өзіне бекітіліп берілген автотұрақтардың, гараждардың, іргелес аумақтардың, гараждардың шатырларын тиісті дәрежеде санитарлық және өртке қарсы жай-күйде қалыпты ұстауы тиіс.

10. Ұсақ бөлшек саудаға арналған уақытша құрылғыларды орнату және күтіп ұстау

47. Ұсақ бөлшек сауда объектілерін (павильондарды) орнату қолданыстағы нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Осылардың орналасуы өтпелі жолға, жаяу жүргінші аймағына, тротуарларға шығып кетпеуі тиіс. Ресми тіркелген базарлардың аумағынан тыс ұяшықтардан, қол арбадан, уақытша ыңғайлы құрылғыдан, әсіресе, жерде сауда жасауға жол берілмейді.

48. Ұсақ бөлшек сауда объектілерін сәулеттік, сәндік түрлі-түсті безендіру кейіннен осыларды жөндеу, сырлау, сыртқы келбеті мен түрлі түсті шешімін сақтау сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісіледі. Осындай сауда объектілерінің сыртқы келбеті эстетикаға сай болуға, жол берілмейтін жарнамалар мазмұндалмауға тиіс.

49. Қолға алып жүретін уақытша ұяшықтар азаматтар үшін қолайлы және олардың жүріс-тұрысына бөгет келтірмейтін, сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісілген жерлерде орналастырылады.

11. Шағын сәулеттік нысандарды күтіп ұстау

50. Тұрғын үй құрылысының аумақтары, қоғамдық аймақтар, гүлзарлар, көшелер, саябақтар және демалысқа арналған аландар шағын сәулеттік нысандармен жабықталады.

51. Стационарлық және мобильдік шағын сәулеттік нысандарды орналастыру аумақтарды абаттандыру жоспарларына сәйкес анықталады.

52. Қоғамдық құрылыстардың, алаңдардың, көшелердің, гүлзарлар мен саябақтардың, жағалаулардың және демалыстың басқа да аумақтарына арналған шағын сәулеттік нысандар жеке дара және типтік үлгі-жобалар бойынша дайындалады.

53. Құрылыс салынып жатқан учаскесі шекарасындағы жаңа құрылыс салу кезінде шағын сәулеттік нысандарды дайындау және орнатуды бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес тапсырыс беруші жүзеге асырады.

54. Шағын сәулеттік нысандардың сындарлы шешімдері осыларды пайдалану кезінде беріктігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

55. Шағын сәулеттік нысандардың иелері – заңды және жеке тұлғалар өз қаражаты есебінен осылардың күтіп ұсталуын, ауыстырылуын, жөнделуін және сырлануын қамтамасыз етеді.

12. Әкімшілік және өзге де ғимараттар мен имараттардың, тұрғын үйлердің қасбеттерін күтіп ұстау

56. Меншігінде ғимараттар мен имараттары бар кәсіпорындардың және мекемелердің басшылары, ғимараттар мен имараттардың меншік иелері осылардың қасбеттерін және қоршаулардың жекелеген элементтерін (балкондар,

лоджиялар, су ағатын құбырлар және т.б.) қалпына келтіру, жөндеу және сырлау бойынша жұмыстардың уақытылы жүргізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ ғимараттардың қасбеттеріне орнатылған ақпараттық тақталарды, мемориалдық және ескерткіш тақталарды таза әрі жарамды күйінде қалыпты ұстайды.

57. Дүкендер мен кеңселердің көше жағына шығатын витриналары жарықпен безендірілген болуға тиіс.

58. Өз еркімен ғимараттардың қасбеттерін және олардың үйлесілімдік элементтерін қайтадан жабдықтауға жол берілмейді.

59. Сәулет, тарих және мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттар мен имараттарды жөндеу, қалпына келтіру және реконструкциялау қорғау міндеттемелеріне сәйкес мәдениет саласындағы уәкілетті органмен және сәулет және қала құрылысы бөлімімен келісімі бойынша жүргізіледі.

60. Алдын ала сәулеттік бөліктерді қалпына келтірмей ғимараттар мен имараттардың қасбеттерін, сондай-ақ табиғи немесе жасанды тастармен қапталған қасбеттерді сырлауға жол берілмейді.

61. Ғимараттар қасбеттерінің күтіп ұсталуына, олардың сырлануына, бұзылған сәулеттік бөліктерінің қалпына келтірілуіне, көп пәтерлі тұрғын үйлер есіктерінің тұтастығына пәтер иелерінің кооперативтері немесе кондоминиумды басқару органдары жауапкершілік артады.

62. Тұрғын үй қоры объектілерін абаттандыру:

1) ғимараттарды, шаруашылық және тұрмыстық салымдар мен имараттарды техникалық жарамды күйде күтіп ұстауды;

2) сыртқы келбеті (қасбеттер) қала құрылысы және сәулеттік нормаларына сәйкес болуын;

3) ғимараттың кіреберісінде жарықтандыру шырақтарының (шамдардың), қоқыс жинауға арналарған жәшіктердің және орындықтардың болуын;

4) көп пәтерлі үйлердің кіреберістерінің есіктерінде пәтерлердің нөмірлері бар тақталардың болуын;

5) кіреберістегі кірер есіктердің жарамды жағдайда болуын;

6) балкондардың, лоджиялардың, мансардтардың өртке қарсы және санитарлық қауіпсіздік нормаларына сәйкес күтіп ұсталуын қамтиды.

63. Көп пәтерлі тұрғын үйлерде:

1) жекелеген шығатын есігі бар көшеге шығатын жапсарлас құрылысы және алаңы бар саты түріндегі жапсарлас құрылысты жүзеге асыру арқылы тұрғын үй-жайларын қайта құруға;

2) көтеріп тұрған конструкциялардың тұтастығын бұзатын, оның ішінде лоджиялар мен балкондарды тұрғын үй-жайларына қайта жабдықтау арқылы пәтерді қайта құруға;

3) лоджиялар мен балкондарды ғимараттың жалпы сәулеттік келбетін

бұзатындай етіп әйнектеуге;

4) қасбеттері көше жаққа шығатын үйлердегі ашық лоджияларды, балкондарды құрылыс материалдарымен, ескі жиһаздармен ыбырсытуға жол берілмейді.

64. Жеке тұрғын үй иелері:

1) өзінің үй-жай учаскелерін тиісті дәрежедегі санитарлық жай-күйде күтіп ұстайды, қоқыстардың, құрылыс қалдықтарының, қураған шөптердің және өрт қаупін туғызуы мүмкін т.б. жинақталуына жол бермейді;

2) тиісті уәкілетті органның келісімі бойынша белгіленген ара қашықтықтағы іргелес аумақта ұдайы тазарту жүргізеді;

3) көшелердің, шағын ауданның аумақтарын абаттандырудың жалпы жоспарын есепке ала отырып, және тиісті уәкілетті органның келісімі бойынша аула аумақтары мен олардың маңайындағы учаскелерді көгалдандырады.

65. Көп пәтерлі, сонымен бірге жеке тұрғын үйлерде сағат 23.00-ден бастап 6.00-ге дейінгі кезеңде тыныштықты бұзатын шулы дыбыстарды пайдалану арқылы іс-шаралар өткізуге жол берілмейді.

13. Сыртқы жарықтандыруды күтіп ұстау

66. Елді мекендердің аумақтарын жарықтандыру сыртқы жарықтандыруды орнатумен қамтамасыз етіледі, оларға мыналар жатады:

1) электрмен жабдықтау құрылғылары, қоректендіргіш желілер, қоректендіру пункттері, тарату желілері;

2) электр желілерін қорғау және жерге тұйықтау құрылғылары;

3) электр желілерін басқару құрылғылары;

4) кронштейндер, арқан ілгіштер тіректері.

67. Тіректер, жаяу жүргінші жолдарынан тыс техникалық құжаттамамен белгіленген жерлерде орналастырылады.

68. Ғимараттардың алдындағы тар өткелдер, тротуарлар мен аландар ғимараттардың қабырғаларына олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жағдайында орнатылған шырақтармен жарықтандырылуы мүмкін.

69. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын күтіп ұстау мен қызмет көрсету мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) шамдарды уақытылы ауыстыруды және істен шыққан жарық түсіргішті таратуларды, жарықтандырғыштарды тазалауды, жарықтандыру деңгейін өлшеуді қоса алғанда, сыртқы жарықтандыру құрылғыларының белгіленген параметрлерінің техникалық жарамды күйінде ұстау;

2) сыртқы жарықтандыру құрылғыларының жұмыс режимін қамтамасыз ету, жергілікті атқарушы орган бекіткен кесте бойынша уақытылы қосылуын бақылау

, жарамсыздарын ішінара немесе толық ажырату, зақымданғандарын анықтау және уақытылы жою ;

3) коррозияларды жою, металдан жасалған тіректерін, кронштейндері мен сыртқы жарықтандырудың басқа да элементтерін мезгіл-мезгіл сырлау;

4) электр тарту желілері мен сыртқы жарықтандыру аспаптарының зақымдануына қауіп төнген жағдайда, ағаштарды уақытылы кесу;

5) бекітілген нормалар мен тәртіпке сәйкес істен шыққан люменесцентті және сынап құрамды шамдарды уақытылы жойып отыру;

6) иелерінің негізгі магистральдардағы жарықтандыру мен байланыс желілерінің құлаған тіректерін және қалған аумақтағы бөлшектенгенін 12 сағат ішінде дереу тасып әкетуі.

70. Кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, сауда және ойын-сауық орындарының иелері жергілікті атқарушы органмен анықталған режимінде белгіленген тәртіпте өздерінің ғимараттарын және іргелес аумақтарының толассыз жарықтандырылуын қамтамасыз етеді.

14. Облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумағында жер пайдаланушылар мен жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізетін адамдардың міндеттері

71. Жер пайдаланушы :

1) қолданыстағы санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес бөлінген және бекітілген аумақтарды, инженерлік желілер мен олардың элементтерін – құдықтарды, қақпақтарды, торларды, тіреулерді, сорғы станцияларды, трансформаторлық қосалқы станцияларды және т.б. тиісті дәрежедегі күйде күтіп ұстайды ;

2) қоқысты, қатты тұрмыс қалдықтарын уақытылы шығарып әкетуді және осылардың тиісті жерлерде көмуді қамтамасыз етеді;

3) қажет болған жағдайда егеуқұйрықтарды, тышқандарды, тарақандарды, шыбындарды жою мақсатында өз аумағында дезинфекция және дератизация жүргізеді .

72. Жөндеу және құрылыс ұйымдары бекітілген аймақтарында тиісті жұмыстарын орындау кезінде мынадай талаптарды сақтайды:

1) жаяу жүргіншілердің қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін құрылыс алаңын ені кемінде бір метр қорғаныш кемері бар, биіктігі кемінде екі метр болатын тұтас ауламен қоршайды ;

2) қол жетімді жерге объектінің көрнекті паспортын және ондағы тапсырыс берушінің жауапты адамдарының және жүргізетілетін жұмыстардың орындаушының байланыс телефондарын орналастырылады;

3) жұмыс жүргізілетін кезеңде іргелес аумақты жинайды, оның ішінде зақымдаудан болған жолдарды тегістейді және ластардан тазартады;

4) құрылыс материалдарын олардың шаңдануына жол бермейтіндей етіп с а қ т а й д ы ;

5) жергілікті атқарушы органдар белгілеген тиісті полигондарға құрылыс, ірі көлемді қоқыстарды және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығарып әкету мен к ө м у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і .

73. Аумақтарды ескірген және тозған құрылыстардан тазарту бойынша жұмыстарды орындау заңнамамен белгіленген тәртіпте барлық заңды негізделген қорытындыларды алғаннан кейін жүзеге асырылады.

74. Құрылысты монтаждау немесе бұзу аяқталғаннан кейін құрылыс қалдықтары мен қоқысты қатты қалдықтар полигонына шығарылып әкетіледі, ал босаған учаскілер қалпына келтіруге жатады.

15. Елді мекендер аумақтарын абаттандырудың, санитарлық күтіп ұстаудың, тазартуды ұйымдастырудың жай-күйін бақылау жөніндегі уәкілетті органдар

75. Бекітілген (іргелес) аумақ сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті атқарушы органмен мынадай санаттар бойынша белгіленеді:

1) меншік нысанына қарамастан, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер үшін жер учаскесі шекарасынан 15 метрден кем емес радиусында. Бұдан басқа, жергілікті атқарушы органдардың актілерімен әрбір ұйымға белгілі бір аумақтар абаттандыруды және тазартуды жүзеге асыру үшін бекітіледі;

2) сауда павильондарына – сыртқы қабырғаларынан 10 метрден кем емес а у м а қ т а ;

3) көп пәтерлі тұрғын үйлер үшін – 5 метрден кем емес; оларға жапсарлас салынған дүкендер, шеберханалар, шаштараздар және басқа да орындарға – ғимарат қасбетіне жақын орналасқан тротуардың іргесіне дейін, ал ол жоқ болған жағдайда – өтетін жол бөлігіне дейін 15 метрден аспауы тиіс;

4) жеке тұрғын үйлер үшін – тротуардың іргесіне дейін орналасқан су ағатын құбырларды, арықты қоса алғанда, үй иелену шекарасына іргелес жатқан жер учаскесі, бірақ жер учаскесі шекарасынан 15 метрден аспауы тиіс.

76. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Ережелердің сақталуына бақылауды өз құзыреті шектерінде ішкі істер органдары, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары, объектілерді салу сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары жүзеге асырады.

16. Ережелерді бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

77. Осы Ережелердің бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады. Әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану бұзушыларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес оларды келтірген материалдық зияндарын орнын толтыру және жол берген бұзушылықтарын жою міндеттерінен босатпайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК